



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 21 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2010 жылғы 1 қазан**

**Ресми қайта қаржыландыру ставкасы  
туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **2010 жылғы 1 қазаннан бастап** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 7,0 %** деңгейінде белгілеуге шешім қабылдады.

2010 жылғы тамызда жылдық инфляция 6,5% деңгейінде қалыптасты. Экономикадағы іскерлік белсенділіктің жандануы, халықтың ақшалай кірістерінің өсуі аясында жұмыссыздықтың төмендеуі экономикадағы жиынтық сұраныстың кеңеюіне ықпал ететін болады. Өз кезегінде, бұл жылдық инфляция қарқындарының біршама өсуіне алып келуі мүмкін.

Соған қарамастан, қаржы секторындағы тұрақтылықты қолдау және банк секторының кредиттік белсенділігін ынталандыру үшін қазіргі уақытта ресми қайта қаржыландыру ставкасын бұрынғы 7,0% деңгейінде сақтау барынша мақсатқа сай болып табылады.